




Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жағалам

## Жаршысы



Бүгінгі газет, жаһандану дәуірі мемлекеттерді бір-бірінен басып, ғылым, үздіксіз даму мен бәсекеге қабілеттілігі арқылы ажыратып қойды. Дамушы елдер дамыған елдің осы жолдан озық тәжірибелерін тұтынады. Біздің ел де қазір даму үстінде. Мақсат дамыған отыздыққа уны, мәңгілік ел болу. Осы тұрғыда мемлекеттік саясаттың, қолдау мен көмектік басым бөлігі білім саласына бағытталып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға басымдық беріледі. Әсіресе білімді ұрпақ тәрбиелеуде жасалып жатқан жұмыстың жүзге көңіл қуантады.



2021-2022 оқу жылында ауыл бойынша 358 оқушы мемлекетті тәмәмдаса, оны 280-і мемлекеттік грант конкурсына құжат таспыды. Оның ішінде 246 мектеп бітіруші түлек мемлекеттік грант иегері атанды. Тарқатып айтатын болсақ, 111 оқушы педагогикалық, 23 оқушы медициналық, 56 оқушы техникалық, 22 оқушы ауыл шаруашылығы, 1 оқушы жарғы саласы, 33 оқушы басқа да мамандық түрлерін таңдаған. Байқағанымыздай, педагогикалық мамандықты қалап, оқушы түлектердің орташа балы күрт өскен. Былтырғы оқу жылы бітіруші түлектер арасында педагог мамандығын таңдаған талапкерлер 65 пайызды құраса, былғыр жылы 111 түлек педагогикалық бағытта барып, жоғары ұлай жинаған талапкерлердің басым бөлігі ұстаздық жолды таңдап отыр. Бұл да болса педагог мамандығына деген ерекше құрмет пен ұстаз мәртебесінің артып отырғанының көрінісі.

Білімі жоғары ұлт хана жандандану талаптарына жауап береді. Ал заман талабына сай білімді ұстаз бәріннен қымбат. Мұғалімнің бәделі төмен болған жерде тиісті білім де, тәрбие де болмайды. Ал мұғалім бәделі – ұстаздың білімі мен біреу рухани-адамгершілік мәдениетіне тәуелді. Аудандығы саласы қызметкерлерінің еңбегін ерекше атап өткім келеді осы тұста. Өйткені Жалағаш ауданындағы білім саласы бойынша жүйелі жұмыс бар, жетістігіміз де көп. Устаздардың да жұмысқа деген жоғары жауапкершілігінің арқасында жақсы нәтижелерге жетіп келеміз. Ал жоғарыда айтылған мемлекеттік білім гранты елі болған түлектер келешекте білікті маманға айналып, ел дамуына үлес қосады деп сенеміз.

**Н.АЛМАСҚЫЗЫ**

Аламесекте Хамит деген ақсақал болған, жарықтық, үлкендер ол кісіні «Темірдің тілін түсінеді» дейтін. Ол тұста біз — ойын баласымыз, өсе келе бұл теңуді жерлестері әкемізге неге телгінен бір-ақ түсінді. Қазыналы қарияның қолынан келмейтін жоқ. Әсіресе келігінші кірараты бар кісілер сол үй жаққа ағылатын. «Кең болсаң, көм болмайсың» деген қағиданы қатаң ұстаған ақсақал ешкімнің өтінішін жерде қалдырған емес. Кейін ауыл шаруашылығы жерлері кекеге беріліп жатқан тұста ең алғаш ауылда жеке шаруашылық ашқан жандардың бірі де осы Хамит әкеміз еді. Ол кезде қазіргідей заманауи техникалар жоқ, ескі-құскы трактор-комбайндардың механизаторлар көбіне астында жататын тұс. Ал мұндай тығырықтан шығу темірден түйін түйген төрағаға қиын болып па?! Иіе шыққан түрлі көліктерден ауыл шаруашылығына қажетті техникалар қурастырып шығарды. Хамит ақсақалдың бұл өнерін уақыттыңда облыстық телеарна тілшілері де көпке үлгі еткен. Бастысы тоқырау жылдары шаруашылық құрды, оның қиыншылығына төзді, бүгінде 2002 жылы басталған атакесіні ұрпақтары дөңгелетіп отыр.

Есет батыр ауылына ат басын бұрғанымызда кезінде Хамит Дүйсенғазиев іргетасын қалаған «Нағи» шаруа қожалығына да аялдадық. 20 гектар егіс алқабымен жұмысын бастаған шаруашылықтың бүгінде көкіегі кеңейген. Техникалық базасында да көне көлік көзге түспей. Соған қарағанда шаруашылықтың бүгінгі төрағасы Серік Хамитұлы еңбек енімділігіне басымдық берген сөйтілсін.

20-ға жуық ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отырған шаруашылықтың бүгінде шаруасын ширақ. Былтыр Сыр саясының әр гектарынан 60 центнерден орташа өнім жинап бұл ұқым ай сайынғы жалақыдан бөлек қосымша сыйақыдан да құр қалмапты. Жалпы Серік Дүйсенғазиевтің өлестеріне күшті науқан тұсында сыйақы өлестері дүстүге айналыпдығанына 10 жылға жуықтаған. 2019 жылғы бұл шаруашылықтың көс бірдей еңбек адамы су жаңа темір тұрпакы тақымдады. Дәл осы жылы көс келіктің бірне көс жеткізген Фабиден Исмайловтың өзі бүгінде майталам механизаторға айналған. Ал сол тұста Сыр саясынан тау турғыған Райсбек Әміров бүгінде даңғайыр дикандардың ізбасары деген атқа сын келтірген емес.

Ағайынды Серік пен Әсет Дүйсенғазиевке жол бастатып, шаруашылықтың егіс алқабына тарттық. ауылдан айтарлықтай

қашық емес екен. 15 минут қаражолда бұрқыраған шанды артқа тастап, егістіктің қақпасына да келіп жеттік. Ауыздан дикан Куаныш Бақытжанұлы күтіп алды. Тәжірибелі дикан мұндағы 40 гектарға жуық күріштің күтіміне жауапты. Сыр салысының шығымы бітік, төрағаның да көңіл тоқ. Соған қарағанда шаруашылық ұжымы биыл да күзгі науқанды оң нәтижемен қорытындылайтын секілді.

Бүгінгі сәтүзді атакөсіп десем де болады, шаруашылық бастапқыда 20 гектар алқапқа күрші екті. Келер жылы 40 гектар, одан кейінгі жылы 60 гектар, осылайша егіс алқабы ұлғая берді. Бүгінде бұл 200 гектарға жуық. Сыр салысын егіп отырмыз. Одан бөлек 88 гектар жоншықмасы тағы бар. Көктемгі науқанды наурыз айының аяғында бастадық, сәуірде дан сектік. Ал күріштің шығмы өздерінің көріп тұрғандай. Былтыр сыр салысын 60 центнерден орташа өнім шығарды. Алды 78-80 центнерден өнім алды. Еңбек адамдарының орташа жалақысы 120 мың теңгені құрайды. Одан бөлек қосымша сыйақысы тағы бар. Быыл да бұйыртып, күзгі науқанды оң нәтижемен қорытындылауға бел буып отырмыз. Осы алдағы уақыт көрсетеді. Былтыр аяқ судан айтарлықтай мәселе болған. Быыл су жаман емес, – дейді төраға Серік Хамитұлы.

Расында алқаптағы Сыр салысының шығымы бітік, биыл шаруашылық мұнда тек күршілтің «Лидер» сұрпын сепкен. Барлық атыдағы күрші түгелдей бас алған. Дикандар алдағы 1-2 күнде суды басауға бел бұйып отыр. Демек механизаторлардың күршіше орақ салатын күні де алыс емес. Ал төраға бірнеше жылдан бері темірің тулпардан бөлек, басқа да әріптестерің қаржылай 1 млн теңгеден 3 млн теңгеге дейін қосымша сыйақы үлестіріп келеді. Биыл да бұл дәстүр жалғасын табатын секілді.

Айта тейік, аймақ басшысы әрбір елді мекенде мүмкіндігінше бақша дақылдарына қосымша жер ашып, оны жергілікті халыққа үлестіруі тапсырған еді. Әрине, облыс әкімінің бұл шешімі әрбір елді мекенде жүзеге асса, ай сайын нарықтағы бағасы шарықтаған азық-түлік бағасының тұрақтауына айтарлықтай сеп болары сөзсіз. Быыл «Нағи» шаруа қожалығы аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес қосымша бақша дақылдарына 3 гектар жер ашып, оны ауылдағы 16 отбасынан ерте көктемде бөліп беріпті. Қазір оны 1 гектар қартоп пен 2 гектар басқа да бақша дақылдары егілген. Бір гектар қартоптың шығымына көз сүйнеді. Ал қауын-қарбыз, сөбіз, асқабақ сынды басқа да бақша дақылдары орналасқан 2 гектар алқап та жасыл желекке айналған.

салуды жоспарлап отыр. Одан бөлек үлкен арнайы аллея, көшөңчү киребери жөнөткөсү шыгаберис бетине көс арка салуу секілді биреше жобаны жүзөгө асырмак. Қазір аллея мен балалар ойын алаңы салынатын аумақ толықтай тегістеліп қоршалған. Тіпті сол жолдың бойында орналасқан үйлердің де қоршауын жанартуға Серік Хамитұлы басымдық беріпті. Еңді әлп ерті біреше жобаны жүзеге асыту аумаққа жарық бағаналары орнатылады. Одан кейін жарық жобаларды төраға кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бел буып отыр. Қазірдің өзінде шаруашылық ондағы бірақтар жұмыстың жүзеге асыуына 10 млн теңгеге жуық қаражат күйін. Ал жалпы барлық жобаны жүзеге асыруға Дүйсенғазымет 50-55 млн теңгедей қаражат жұмсалуды деп жоспарлап отыр. Серік ағамыз күш науқан бітісімен жарқын жобалар лгіне кезек берілетінін айтады.

Бастысы шаруашылықтың жұмысы жүйелі, ондағы дала дарабоздарының да көңілі тоқ. Атәкесіпті алға оздырған ағайынды ұя азамат енді өңірдің өркендеуіне, туған жердің түлуіне кезек беріп жатыр. 2 мыңға жуық халқы бар аламеңсекті ағайын бір ғана шаруашылықтың бірнеше жобаны қолға алғанына риза. Себебі алдағы уақытта жүзеге асатын әрбір жарқын жоба елдің игілігіне жұмыс жасайды.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Аудан орталығындағы Қазыбек би көшесінің бойында елімізде тек Іле Алатауының баурайында ғана кездесетін Тянь-Шань шыршасы есіп тұр. Сонымен бірге қанық жасыл жапырағы түбінен басына дейін дөңгелеңдеп жолақты сәнмен қырқылған арша ағаштары да бар. Осы жылдық көктем айында көзімізге түсіп, көңілімізді сүйсіндірген төрт түп шырша мен төрт түп аршаны арнайы барып көргенбіз. Үй иесіне риза болсақ та, халыққа жария қылуға асықпадық. Өйткені қылқанжапырақты ағашты, соның ішінде шыршаның дәл осы түрін біздің Сырдың топырағына жерсіндіру қиын. Қанша баптап, күтім жасасаң да бірір аптадан соң жапырағы сарғайып, діңі қурап кетеді. Оны көріп, куә болып жүрміз. Бірақ сол таулы аймақта, тамырын тасқа байлап өсетін Тянь-Шань шыршасын аудан тұрғыны Роза Құлшыбаева үйінің айналасына отырғызып, көктетіпті. Үй иесімен сөйлесіп, біздің өңір үшін экзотикалық ағаштың жай-күйіне қанықтық.

Роза аламыз көктемде Түкістаннан 4 т  
шырша, 4 түп арша ағашының көшетін алдыры  
үйінің көлеңке мол түсетін көше беткейіне еге  
Айта кету керек, Тянь-Шань шыршасы тау  
өңірі – Түкістаннан әкелінгенімен, сол жер  
тамыр жайып, жайқалып кетуі ықпалай. Өйтк  
шыршаның бұл түрі таудың қоңырсалқын б  
белдеуінде ғана өсетінін білеміз.

Бүгінде ағаштардың күтіміне Роза апамызды түркістандық құрбысы Қалипа Досыбаева ырайды екен.

— Билы мамыр айында жерін отырғызды. Әрине, алдымен есіретін әкеліп дайындады. топырағын құнарландырды. Нақтырақ айтсақ, ұзақ жылдардан бері пайдаланылмай жатқан жерге шылаушын құрты қорытып, өңдене қаң жапырақ сағып алып салдық. Қылқан жапырақ ағаштардың, соның ішінде ине жапырағы то шыраштың тамыры сазға немесе шеге күміне тесі, діңі курап қалады. Сондықтан тастақты то құнарлы топырақ болғаны жөн. Көшетті тастақтардан бізге тынайтынын қосып берді. Қазір сол тынайтыңшарды өз мезгілімен тамыры

су арқылы жіберіп және жапырағына да шып отырмыз. Өйткені Қызылорда облысы ересе, Жалағаш ауданы жазық, құмды да орналасқан. Жазы ыстық, ауасы өте құр. Сондықтан шырабы бөлі алып кеткенше та аймақтың ауасы мен топырағынан алатын нәр сусыңтайытұстар арқылы беріп отырғ. Шыршының түрлі атпағашы 15 жылда өте б. жылына 5-25 см ғана өседі екен. Онда кейін же. үдерісі қарқын алады. Қарағай тұқымдас жататын шыршыны көбі те сәндік ағаш рет. ғана таниды. Ал ер салып қарар бол. тұқымы мамыр айында гүлден, тамыз-қырк. айларында пісетін бол. ағаштың емдік қасиет. бек. Бұтағы мен жапырағындағы түрлі май. мен шайырлар ғылыми жолмен алынып, медицинада пайдаланады. Ал діні құрылы. жеңе саз аспаптарын жасауға таптырмай. құнды материал екенін бізміз білеміз.

Роза бұл көпжылдық ағаштың көшетін ма-  
арнайы тапсырыс беріп алдырды. Ағашы  
мен шыршаның шөлді аймаққа өсетініне күн-  
данған едім. Бірақ адам ниеттенсе ойға а-

жұмысы оңынан болады екен. Соған көзім жетті. Роза құрбым табигаттағы, айналасындағы өзара үлесім тапқан әдемілікті көңіл кезімен көре білетін ете сезімтал жаратылысы сулу жан ғой. Әйтпесе, бұлардың әр көшетіне 27 мың теңге қаржысы жұмсмаған болар еді. Әрине, мәселе қаржыда емес, нем құрбымыз бұл игілікті ұяласуының, көшесінің, тіпті өзі тұрып жатқан аудан орталығының көркін арттырып, көркейтпегендігіне қосым отырған үлесі деп білемін, – дейді Кәлипа апаңыз.

Расында, бүгінде ауласына, көшесіне сонау шалғайдан шырма мен арша көшетін алдырып отырғызбақ түгіл көп бейнәттенбей-ақ арық бойына қалашысын қадай салатын Сыр талы да еңкейіп егуге ерінітіндер көп. Ендеше, жергілікті ағаштарды күтіп-баптап, өсіріп, сонымен бірге топырағымызға тұқымы түспеген шырма мен аршаның әдемі де, сапалы сұрпын алыстан алдырып көктейтін отырған Роза аламыздың еңбегін неге көпшілікке үлгі қылмазқа!



Қарағайлар тұқымдасына жататын мәңгі жа-сыл ағаштын өне-бойынан бір мезетте мыңдаған адам тыныстатын оттегі бөлініп шығады екен-және көлік түптің, әндіріс орындарынан айналға-жайылған көмірқышқыл газын «құтатын» кө-ренейді. Демек, шырыша бізге ауаны тазартып, экологиялық тепе-теңдікті сақтап отыру үшін аса қажет өсімдік. Ендеше, орташа биіктігі 60-100 метрге дейін бой алып өсетін және 250-300 жыл емір сүретін шырыша ағашын отырғызып, күтіп-баптап, көткеткен адам жеті ұрпағына дейін, жақсылық жасайды деп түсінгеніміз жөн.

Қарағай тұқымдасына жататын шырша жаратылысында мықты ағаш. Діні берік. Сонымен

бірге ауланың да, көшенің де, саябақтардың да сәнін кіргізіп тұратынын білеміз. Ендеше, келешекте сондай мәңгі жасыл әсем ағаш біздің ауданымыздың орталығында, тіпті ауылдарда да өсіп, жайқалып тұрса, көрген көзді қуанытып, көңілдеріне әдемі әсер сыйлар еді...

Кейіндіктеріне әдемі әсер сыялар еді...

Айтпақшы, Роза апамыздың ауласында түрлі-түсті роза гүлдері де жайқалып тұр. Күннің шуағы түсіп, басы самалмен ығалғанда көздің жауын алады. Ол гүлдерді де құрбысының құрметі үшін Қалипа Досыбаева егіпті және күтімін де өз жауапкершілігіне алған.

Күәт АДИС



## Сұхбат



## Жалағашта жол құрылысы қарқын алған

Жалағашта соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алып, оның сапасына қатысты халықтың талап-тілегі ескерілуде. Уақытында ауылдық елді мекендерді айтпағанда, аудан орталығының өзінде қаншама ішкі көшенің сапасына қатысты жиі сын айтылды. Содан бері орталықтағы Абай, Б.Сопбеков сынды бірнеше көшеде жол құрылысы қарқын алды. Десе де бұл ауданда жол сапасына қатысты ешқандай мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың көшегі елді мекендер халқымен кездесуінде де көбіне халықтың талап-тілегіне осы жол мәселесі арқау болды. Бізді әсіресе ел көтерген мәселелердің шешімін тауып жатқаны қуантады. Алдағы уақытта ауданда тағы қанша көшенің сапасына мән беріледі, ауылдық елді мекендерде жол сапасына қатысты мәселелердің шешімі қалай, Жалағашта жол инфрақұрылымын дамыту бағытында нендей жобалар қолға алынуда? Осы және өзге де бірқатар сауалдың түйінін тарқату үшін аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Өмірзақ Елеусіновпен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Өмірзақ Тұрымбетұлы, Жалағаштың аумағында республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қанша шақырым жол бар, оның қанша пайызының сапасы жақсы, қаншасының сапасы әлі де жол құрылысын қажет етеді? Алдымен сөзімізді осы сауалдардың жауабымен бастасaq...

– Аудан аумағында республикалық маңызы бар 50 шақырым, облыстық маңызы бар 60,6 шақырым, аудандық маңызы бар 123,5 шақырым, барлығы 234,1 шақырым автомобиль жолы бар. Мұнан бөлек осы жолдардың бойында 29 көпір бар. Сондай-ақ аудан бойынша ұзындығы 232,4 шақырымды құрайтын 218 көше бар. Оның ішінде 88,8 шақырымды құрайтын 75 көше кент орталығында болса, 143,5 шақырымды құрайтын 143 көше ауылдық елді мекендерге тиесілі.

Ендісізайтып отырған жол сапасына тоқталайын. Жалпы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 109,9 шақырымы, яғни 89 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Ал 13,6 шақырым немесе 11 пайызы қанағаттанарлықсыз жағдайда.

– Соңғы жылдары ауданда жол құрылысы қарқын алғанын көріп жүріміз. Әрине мұның барлығы халықтың талап-тілегіне жұмыс жасау мақсатында қолға алынған жобалар екенін де жақсы білеміз. Енді соңғы 1-2 жылдың көлемінде осы жол сапасына қатысты нендей жобалар қолға алынды және оның халық, жолаушылар игілігін көріп жатыр ма? Алдағы уақытта Жалағашта қандай көшелердің сапасына мән беріледі?

– Соңғы 2 жылда 1 млрд 70 мың теңгеге 4 елді мекенге кіреберіс 27,5 шақырым аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына және оңтүстік коллектор көпіріне, сонымен қатар 1 млрд 57 млн теңгеге ауданға қарасты елді мекендердің 21 шақырымды құрайтын 20 көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бір сөзбен айтқанда, жалпы құны 2,1 млрд теңгеге жүрген қарқынды жол құрылысының нәтижесінде 2 жылда аудандағы 48,5 шақырымды құрайтын жолдардың сапасы жақсарды.

Сіз жаңа «Халық, жолаушылар оның игілігін көріп жатыр ма?» дейсіз. Әрине солай. Себебі бұл жобалардың қолға алынуына басты себеп сол жергілікті халықтың талап-тілегі болып отыр. Өздеріңіз де талай басылым бетінде «Жұртым жол жөндөлсе дейді», «Жол сапасына қашан мән беріледі?» деген сынды тақырыптарда талай мақала жазып, елді мекендердегі жол мәселесін көтердіңіздер. Бұл тақырыптардың менің

жадымда сақталып қалуына бұл салаға өзім және мен басшылық ететін бөлім тікелей жауапты болуы басты себеп болып отыр. Жергілікті газет бетінде көтерілген мәселелерге, елді мекендерде өңір басшысының халықпен кездесуінде айтылған талап-тілектерге жұмыс жасап келеміз. Алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғасын таба береді.

– Ұмытпасам, 2010-2015 жылдарға дейін ауданға қарасты ауылдық елді мекендерге кіреберіс жолдардың сапасы сын көтермеді. Салдарынан жергілікті халықтың, жолаушылардың облыс және аудан орталықтарына қатынасында бірқатар мәселе де туындады. Десе де қазір ауылдық елді мекендерге алып баратын бірқатар жолдың сапасын жақсарту мақсатында көптеген жобаны қолға алдыңыздар және оның халық игілігін көріп жатыр. Бізде әлі де басқа елді мекендерге алып баратын кіреберіс жолдардың сапасына қатысты мәселелер бар ма?

– Дұрыс айтасыз, соңғы жылдары бізде расында әсіресе елді мекендерге кіреберіс жолдардың сапасына мән берілді. Бүгінде оның жалағаштықтар, жалпы жолаушылар игілігін көріп отыр ден нақты айта аламын. Атап айтар болсақ, Батыс-Қытай-Батыс-Еуропа автодәлізінен Еңбек ауылына дейін 8 шақырым автожолына және Еңбек-Есет батыр аралығындағы автомобиль жолының 12,3 шақырымына кезінде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жобаның жалпы құны 479,7 млн теңгені құрайды. Бүгінде сол кезде жүрген қарқынды жол құрылысының жемісін тұтастай 3 елді мекеннің халқы көріп отыр. Себебі Еңбектен бөлек Ала-мәсек пен Жаңадария ауылдық округтерінің халқы да аудан немесе облыс орталығына бару үшін дәл осы жолдың үстімен өтеді. Мәдениет ауылы бағытындағы автомобиль жолының 9,4 шақырымына да соңғы жылдары жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жобаның жалпы құны 312,0 млн теңгені құрайды. Таң ауылына кіреберіс автомобиль жолының 3,3 шақырымына да жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұндағы жол құрылысына жалпы құны 106 млн теңге бөлінді. Қаракеткен ауылына кіреберіс автомобиль жолының да 2,5 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жоба құны 92 млн теңгені құрайды.

Облыстық бюджеттен қаралған 98,3 млн теңге, ұлттық қордан бөлінген 98,2 млн теңгеге 6,3 шақырымды құрайтын Бұқарбай батыр ауылына кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары қазіргі таңда аяқталуға жақын. Мердігер мекеме – «Қызылорда

жолдары» ЖШС. Жобаның жалпы құны 196,5 млн теңгені құрайды.

Мұнан бөлек қазіргі таңда аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жаңадария» автожолын орташа жөндеуге ұлттық қордан 100 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша «Ақтоған» ЖШС жеңімпаз болып танылып, жөндеу жұмыстары басталмақ ниетте. Жобаның жалпы құны 392 млн теңгені құрайды.

– Жол инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында ауданда алдағы уақытта қандай жобалар жүзеге асады?

– Қазіргі таңда жол инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында Ақсу елді мекеніне кіреберіс 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеу жобасын республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін де бюджеттік өтінім тапсырылды. Жобаның жалпы құны 664,8 млн теңгені құрайды. М.Шәменов ауылдық округіне кіреберіс автожол Ақсу-Беркімбай автожолдарын жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Сонымен қатар Аққұм ауылы айналма жолын жаңғыртуға жобалық-сметалық құжат әзірлеу үшін, аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөліміне бюджеттік өтінім тапсырылды.

– Биыл ауданда қанша көшеге жол құрылысы жүреді?

Осы жылы жол сапасына қатысты әлі де атқарылатын жұмыстарға келсек, қазіргі таңда республикалық бюджеттен 549,5 млн теңге, облыстық бюджеттен 273,4 млн теңге, аудандық бюджеттен 12,6 млн теңгеге барлығы 835,6 млн теңгеге ауданға қарасты елді мекендерде 23,6 шақырымды құрайтын 16 көше және аудандық маңызы бар кіреберіс жолдардың жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Тарқатып айтсақ, оның ішінде республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа жүретін Мырзабай ахун ауылындағы жалпы ұзындығы 6,4 шақырымды құрайтын, жоба құны 124,7 млн теңге 2 көшенің құрылысы бар. Мердігер мекеме – «Строй модуль Астана» ЖШС. Сондай-ақ Еңбек ауылындағы 3 көшені күрделі жөндеуге жалпы құны 104,9 млн теңге бөлініп отыр. Бұл ауылдағы Мүсірәлі баба, Сырбай ата, және Ф.Мұратбаев

көшелерінің жалпы ұзындығы 3,71 шақырымды құрайды. Мердігер мекеме – «Құрылыс-Көлік Компаниясы» ЖШС қазіргі таңда жол құрылысын бастап кетті.

М.Шаменов ауылдық округіндегі жалпы ұзындығы 3,7 шақырым құрайтын 9 көшенің де орташа жөндеу жұмыстары басталып кетті. Жобаның жалпы құны 121,7 млн теңгені құрайды. Мердігер мекеме – «Компания Бауыржан Құрылыс» ЖШС. Сонымен қатар облыстық бюджет есебінен 72 млн теңге қаралған. Аққыр ауылындағы ұзындығы 1 шақырым 1 көшеге жалпы құны 31,2 млн теңгеге Мердігер мекеме «Құрылыс-Көлік Компаниясы» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстары жүргізеді. Ал Жаңадария ауылындағы 1 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жобаның жалпы құны 41 млн теңгені құрайды. Бұл ауылдағы ішкі көшенің ұзындығы – 1,2 шақырым. Мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС бүгінде ол көшенің құрылысын тәмамдады.

– Бағана сөз басында аудан аумағындағы жолдардың бойында 29 көпір бар дедіңіз. Олардың бүгінде сапасы қалай? Әлі де жөндеу жұмыстарын қажет ететін бізде көпірлер бар ма?

– Ия, аудан аумағындағы жолдар бойында 29 көпір, оның ішінде аудандық маңыздағы жолдар бойында 20 көпір бар. Бүгінде дейін Аққыр ауылы бағытындағы оңтүстік коллектор көпіріне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Жобаның жалпы құны 281 млн теңгені құрайды. Ал Есет батыр ауылы бағытындағы оңтүстік коллектор көпірін қайта жаңғырту жұмыстарын бастау үшін 2021 жылы ұлттық қордан 59,7 млн теңге бөлініп, тиісті қаражат бүгінде игерілді. Жобаның негізгі құны 149,5 млн теңгені құрайды. Биыл көпірді қайта жаңғырту жұмыстарын толық аяқтау үшін облыстық бюджеттен 79,6 млн теңге қаралып, қазіргі таңда мердігер мекеменен жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Биылғы жылдың қараша айында нысан пайдалануға беріледі деп жоспарлап отырмыз. Мұндағы көпір құрылысына жауапты мердігер мекеме – «Жылу XXI» ЖШС.

Бүгінде Таң ауылына кіреберіс «Бозарық», Мәдениет бағытындағы «Орқытбай», «Пирман» каналдарының көпірлеріне сараптама қорытындысы алынып, апаттық жағдайда деп танылды. Жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу үшін бюджеттік өтінім де тапсырылды. Аудан аумағындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолының бойында 9 көпір орналасқан. Былтыр Қызылорда-Жалағаш автомобиль жолының жетпіс алтыншы, тоқсаншышы шақырымындағы көпірлерге жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Жалағаш кентіндегі теміржол арқылы жауа жүргізілуге арналған аспалы көпірдің қажеттігін жергілікті халық бірнеше рет көтерді. Бүгінде оның құрылысына жобалау-сметалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Жоба құны 184,8 млн теңгені құрайды. Қазіргі таңда құрылыс материалдарының бағасының өсуіне байланысты жобалаушы мекеме «ПроектСервис» ЖШС-мен ішкі айында келісім-шарт жасалып, сметалық құжаттарына түзету жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта аудан аумағындағы жолдар және оның бойында орналасқан көпірлердің сапасын жақсарту мақсатында тиісті жұмыстар кезек-кезеңімен атқарылады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Тәуелсіздік тірегі – Ата заң

Кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты – Ата заңы. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін бүкіл халықтық референдумда кең байтақ Қазақстанның көпұлтты халқы өзінің егемендік құқығын барша әлемге паш етіп, көптеген елдермен терезесі тең, іргетасы мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет екендігін танытты. Сөйтіп 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының Ата заңы өмірге келді.



Тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұратын Ата заңның алғашқы бабы: – «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп басталады. Бұл – мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі.

Еліміздің Ата заңы – халқымыздың дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат ғаламына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Ата заңымыздың өзгешелігі Қазақстан Республикасының тәуелсіз дамуының мемлекеттік тұғырың басқару тәсілін, билік тармақтарын бекітіп, «байырғы қазақ жерінде мемлекет құрылғанын» жария етті. Конституция бізге, адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмаушы, тіліміз бен дініміздің дамуына, ар-ождан бостандығын қорғауға, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігімізді сақтауға кепілдік береді.

Еліміздің осы негізгі Заңы уақыт сынынан сүрінбей өтті. Оның негізгі қағидалары барлық халықаралық стандарттарға сай келіп, қоғам мен мемлекетті дамытудың осы кезеңдердегі ең жетілдірілген үрдістерімен үйлесім тапты. Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту және экономикалық реформаларды жүргізудің басты құралына айналған бұл Ата Заң адамдардың барлық азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, олардың өздерінің мемлекеттің сөзінді қорғауында екенін терең сезінулеріне жағдай туғызды. Осы арқылы қазірде бүкіл қылмыстық-құқықтық саясатты ізгілендіру үрдісі де жүзеге асырылуда.

Жалпы Конституция еліміздің ең маңызды саяси-құқықтық құжаты болып табылады. Бұл өмір сынынан өтіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Тәуелсіз еліміздің негізгі заңы, халқымыздың құқықтық мәдениетінің негізін қалаған, қоғамымыздың одан әрі даму деңгейіне сәйкес келетін құқықтық гуманитарлық тұжырымдамасы бола білді. Сөйтіп Конституциямыз еліміздің бүкіл нормативтік құқықтық базасын қамтамасыз етіп, мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының, жеке азаматтардың қызметін заң аясында жүзеге асыруына негіз қалады. Қазір қоғамдағы барлық құқықтық міндеттер Конституция негізінде жүзеге асуда. Қалыптасқан түрлі қарым-қатынастар осы Конституция арқылы реттеліп отырады. Мұнда мемлекеттік органдар қызметінің бірінғай жүресін қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Бұл – негізгі заңымыздың ең басты талабы.

«Бірлік-баржерде-тірлік-бар» демекші, бүлдүниеде тату-тәтті тіршілікке, ынтымаққа жетер ештеңе де жоқ. Демократиялық құқықтық мемлекет құру жолындағы Конституцияның өміршең болатындығы ешқашан да күмән туғызбайды. Еліміздің заңдарын өмірге келтіруде зор еңбектер сіңірген көрнекті заңгер Султан Сартәев былай деген болатын: «Тәуелсіздік алған елге бірлік керек. Заманымыздың қиыншылығына қарай ақылдан бұрын ашу жүрмесін. Ашу көрнеп, жалаң тілді алға салмайық, әр істеген ісімізде ой қорытындысы, парасаттылық болсын. Әлеуметтік, саяси, экономикалық бостандықты орнықтыру, жаңалыққа жол ашу үшін күпірлі сөзден аулақ болып, дүбірлі ортақ істің бабын баптап, халқымыздың қажыр-қайратын жасампаздық арнасына бағыттап, ел алдындағы парызымызды орындайық...» – деген болатын.

Иә, осындай ұлы мақсаттарды орындау жолында жас ұрпақты отанышылдыққа тәрбиелейтіндей неғұрлым ізгілікті жетістіктерді пайдалана отырып, Конституциямыздың әлеуетін арттыра берсек дейміз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық көлешекке көруен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,  
Жалағаш аудандық сотының төрағасы







# Қайран, біздің ағалар-ай....

“Әр адамның өмірі бір тарих” дегендей, қамшының қысқа сабындай сол өмірлерін ақыл-парасаттылықты бойларына дарыта отырып, ел билеген, халықтың қалаулысы, елінің елеулісі болған ағалардың ақысыз-пұлсыз саған жасаған рақым-шапағатың, өмірдегі күнделікті күрбең тіршілікті танып-біліп, өмірден өз орнын табуға ақыл-кеңес беріп, қажет болған жағдайда қолдаған, бұл дүниеден өтіп кеткен, қайран біздің ағаларды қалай ұмытуға болады.



Соғыс жылдарында дүниеге келіп, одан кейінгі уақыттарда балалық шақты ашқұрсақ өткізіп, 60-шы жылдардағы айтыс пен тартысқа толы өліміздегі саяси-әлеуметтік өмірдің күесі болып, мектеп бітіріп, болашаққа талпынған біздің өміріміз де тақтайдай тегіс болған жоқ...

1970 жылы Қызылордадағы педагогикалық институттың жаратылыстану факультетін бітіріп, Таң совхозындағы жаңадан ашылып жатқан №118 мектебіне жолдаммен жолдасымыз өкеуміз жұмысқа келдік. Шаруашылық осында 3 жыл бұрын, Коммунизм кеңшарынан бөлінген бұрынғы бөлімше, мектеп ғимараты жеті жылдық негіздегі үй екен. «Жас келсе іске» дегендей, сол жылы мектепке түрлі мамандықтар бойынша 8 жоғары білімді азамат келіп іске кірісіп кетті.

Әскерде Стратегиялық ракета құрамасында қызмет атқарып, партия қатарына өтіп, институтқа оқуға түсіп, оқу орнының қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан мен үшін мектептегі бұл жұмыстар онша қиындық келтірген жоқ.

Ол кезде ешкім еш нәрсені бөлмейтін. Мынау мектептікі, мынау кеңшардікі демейтін. Көп ұзамай сол оқу жылы менің мектептің оқу-тәрбие және сыныптан тыс жұмыстар жөніндегі директорың орынбасары болып қызметім жоғарылады. Ол кездегі бұл қызметті партия мүшесі атқаратын және аудандық партия комитетінің бюросынан бекітіліп, номенклатуралық есепке тұратын.

Мектеп ұжымы оқушылары жыл бойы шаруашылыққа көмек деген желеумен егін жинауға, мал азығын дайындауға, елді мекенді көркейтуге, қырманда астық тазалауға, мал қораларын тазартуға белсене қатысатын. Осындай жұмыстардың басы-қасында қызметіме қарай мен жүретінмін. 1971 жылы шаруашылықтағы екі бөлімшеде де күріш жақсы шығып, мол өнім алынды. Кеңшар алғаш рет өздері қабылдаған міндеттемелерін орындап шықты.

Қазан айының соңғы он күндігі болатын. Күріш жинауға келген қаладағы педагогикалық институттың студенттері оқуына қайтарылып, аудан басшылығының тапсырмасына байланысты күріш жинау науқанына қатысып жүрген мектеп оқушылары бір жеті жұмысқа қалдырылған. Шаруашылықта «Таяз көл» алқабына орналасқан екінші бөлімшенің қырмансы осында еді.

Ол кезде типтік жобадан дала қосы, механикаландырылған қырман жоқ. Егін жинауға сырттан көмекке келген студенттер малшылардың там үйлеріне, ал жергілікті мектеп оқушылары киіз үйлерде жатып жұмыс істейтін.

Қазан айының түні салқындап, ауа-райы жауын-шашынға ұласқасын біз

студенттерден босаған жылы орындағай жайғасып, қарамағындағы үш оқытушы, 50-дің үстінде жоғары сынып оқушыларымен жұмысқа кірісіп кеттік. Күріш жинау науқаны аяқталуға жақындағанда жұмысшы-механизаторлар ауылдан қатынап, қырманда жұмыс күндіз ғана жүретін.

Өлі есімде, бөлімше бухгалтері Сағди деген ағай қарауылдарымен қырманда қонатын, ас-ауқатты біздерден ішетін.

Қазан айының 14-15-і болуы керек, әдеттегідей ерте тұрып, аздапшыларға бас-көз болып, ертеңгілік астың қамына кірісіп жатқан болатынымын. Қырманнан аудан орталығына төтелей шығатын жолмен «Волга» жеңіл автомашинасы қырманды бетке алып жақындап қалыпты.

Ол кезде мұндай көліктер некен-саяқ. Ойым сан-саққа жүгіріп, өзімнің таныстарымда мұндай көлік жоқтығын, оқушыларымның ата-аналарының жағдайын да жақсы білемін. Кім болады екен деп, күпті көңілмен қырманға тарттым. Жеңіл көлік қырманға келіп тоқтады.

Ішінен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікерімов түсіп, күнде көріп жүрген кісідей жылы шыраймен «Қалай, інішек, жағдайларың?» деп өзіне тартып алатын ерекше сезіммен әңгімеге тарта бастады. Мен Исекеңмен алғаш рет осылай кездестім. Мен де ізеттілік сақтап, сөлем беріп, өзімді таныстырдым. Аудан басшыларының тапсырмасына байланысты бір аптаға қалып, егін жинау жұмысын жалғастырып жатқанымызды айттым.

Исекең: – Иә, осындай тапсырма берілді. Аудан, облыс өздерінің қабылдаған міндеттемелерін орындады. Облысқа республикадан қосымша тапсырма берілді. Соған байланысты, аудан жақын арада мемлекетке 10 мың центнер күріш тапсыру керек болып тұр.

Осы шаруаға байланысты өзім ертелепін шаруашылықтардың қырмандарын көріп, өздерімен кездесіп, қандай мүмкіндіктердің бар екенін есептеп келемін,-деді.

Біз қырман басында шаруашылықтардың жайын әңгімелеп тұрғанда Сағди ағай күндегі әдетінше қашыртық коллектордың бойындағы үйілген төбеге шығып, жан-жағына қарап, өзімен-өзі болып тұра берді.

Ал үлкен кісі «Анау адам кім?» деп те сұраған жоқ. Мен биыл шаруашылықта күріштің жақсы шыққандығын, бірақ түнгі күріш бастыру кезінде сабаққа дән кетіп, ысырап болғандығын, бастырылған алқаптарды масақтап қайта бастырып, қырмандағы топанға екі комбайн қойып, қайта тартырса, сіз

айтып тұрған шаруашылық бүгінше мың центнер тапсырманы орындауға болады деп ойымды қысқаша баяндадым. Менің сөзім Исекеңнің ойынан шыққан болуы керек, ол: «Айналайын, осы тапсырманы орындандар. Аудандық штабтан кеңшар басшыларына хабардар етер» деп менің қолымды қатты қысып, арқамнан қағып, аттанып кеткендігін қалай ұмытуға болады.

Көп көшікпей қосымша тапсырма да орындалды. Шаруашылық үлкен абыройға ие болды.

Сол жылдың күзінде мені жаңа қызметке бекіту жөніндегі аудандық партия комитетінің бюросына барғанымда, бүкіл аудан басшылығындағы азаматтарға мені бұрыннан білетіндей, атыма жақсы-жақсы сөздер айтып, мәртебемді көтеріп жібергені әлі есімде.

Бүгінде аудан төңірегінде, ел басқарған, ат арқасына мінген аға буын азаматтардың көпшілігі, біздер, Қазан-таевтың мектебінен өткенбіз деп орындамақтаңа аламыз. Солардың бірі осы жолдардың авторы екенін айтуға тиістімін. Кезінде қызмет бабымен облыс көлеміндегі жиналыстарда, түрлі шараларда басқа аудандағы әріптестерімзбен кездескенде кейбіреулері:

– Сөндер қалай Қазан-таевтың қарамағында қызмет атқарып жүрсіңдер,- деп сұрайтындар болатын. Біз оларға ол кісінің қарамағында қызмет атқару қызықты әрі жауапты және біздерге үлкен өмір мектебі деп, өзіміздің олардан бір елі болса да жоғары тұрғандай сезінетін едік.

Қоңекенмен алғаш кездесуім тосын жағдайда болды. Ол кісі ауданға бірінші хатшы болып келгенде, Калинин, Таң кеңшарлары қарайтын Карл Маркс ауылдық кеңес хатшысы едім.

Жаңа келген аудан басшысы халықпен кездесу, мақсатында кеңшардағы көктемізгі егіске дайындық жұмыстарына және елді мекенді көгалдандыру, жекеден ет тапсыру жоспарының орындалуы жайлы есеп беру жиналысына қатысатын болды.

Ауылдық кеңестің төрағасы науқастанып, ауруханада жатуына байланысты, соған екі мәселе бойынша менің есеп беруіме тура келді. Қоңекеннің атын сырттай естіп, «үрейленіп» жүрген біздерге өте қатты сын екенін жақсы түсініп, өзімнің деңгейіме қарай азды-көпті атқарған қызметімнің шамасында дайындадым.

Ауылдардағы мал есептерін нақтылап, малдары бар отбасыларын анықтап, тоқсандық жоспардан шығудың есептері жасалынғандығын, осы бағытта жұмыс жасалып жатқандығын айтып жатқанымда Қоңекен мені кілт тоқтатып:

– Жігітім, жекеден мемлекетке ет тапсыру оңай емес. Неге мына мемлекеттік шаруашылықты басқарып

отырған азаматтар мал өнімін өндіру жұмысын жолға қоя алмай келеді. Кемшілік осында, сондықтан да жекеден ет жинауға тура келді. Бұл тіршілікке өте сергек қарап, науқашшылыққа айналдырмау керек. Қазір көктем, мал арық, кім малын арзанға өткізеді. Сондықтан, жігітім, өтке өткізетін жарамды малдары бар азаматтармен сөйлесіп, келісім жұмыстарын жүргізу керек, белден басу болмасын. Дегенмен де Кеңес бойынша тоқсандық ет тапсыру жоспары орындалуға тиісті», – деп орныма отырғызды. Абырой болғанда сол жылы тоқсандық жылдық жекеден ет тапсыру жоспары орындалып, үлкен кісінің сенімінен шыққаным бар.

1976 жылы Калинин атындағы кеңшардың 3-ші ауыспалы егісі екіге бөлініп, жаңа өндіріс бригадасы жасақталды. Осы бригаданың бригадирлігіне Қоңекеннің ұсынысы бойынша менің тағайындалғанымды да кеңшар басшылары айтып жүретін. Ол кездері өндіріс бригадирлері аудандық партия комитетінің бюро мүшелерінің алдынан өтіп, бюрода бекітіп.

Осындай рәсім кезінде сол кездергі аудандық партия комитетінің 2-ші хатшысы Сейілбек Шаухаманов жылы кеңсені тастап, жігітінің майын шағатын өндіріске келгенің дұрыс болған «Өндіріс – өмір мектебі», – деп тілек айтып, ұмытуға болмайды.

1979 жылы біздің кеңшар аудан шаруашылықтарына жоғары сортты күріш тұқымын дайындайтын шаруашылық болып белгіленді. Қазақтың егіншілік күріш ғылыми зерттеу институтының Қарауылтөбе тәжірибе стансасынан күріштің Кубань сортының бірінші сыныптағы Элита сортын алып, оны екінші репродукцияда дәрежесінде күріш шаруашылықтарына сату біздерге жүктелген болатын. Кеңшарда осы жұмысқа басшылық жасау маған тапсырылды. Абырой болғанда, сол жылы аудан шаруашылықтарына 56 мың центнер екінші репродукциядағы күріш тұқымын саттық. Ауданда күріш тұқымы жаңартылды. Осы жұмыстардың басы қасында Қоңекен өзі болып басшылық жасап жүрген еді.

Қайран біздің ел басқарған ағалар-ай! Алпауыт қоғамның талабы мен тезіне төтеп беріп, қоғам үшін деп қыруар шаруаны мойындарына артып, қарбалас тіршілікте жүрсендер де, ел ішінде қоғамның кәдесіне жарайды-ау деп, арттарынан ерген азаматтарға көз қиықтарыңды салып, тәрбие бергендеріңізді біздер ешқашан да ұмытпаймыз.

**Рысбай КӘРІМОВ,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

Өнеге

## Таудан биік, тақтан жайлы орын

Бұрынғы әжелер немерелерін арқалап өсірді. Кейде тіпті есі кірген әп-әйдік балалардың өзі әжелерінің арқасынан түспейтін. Әжесінің мойнынан тас қып құшақтап, жарбиып отырып алатын. Әлі күнге есімде, Қуаныш деген біз құралпы көрші бала жетіге келгенше әжесінің жауырынына жабысып өсті. Қолындағы немересінің көңжесі болған соң ба, Бәпи әжеміз бір жерге барса әлгі баланы арқалап алатын. Көпшілік кейде: «Аяғы шыққан баланы арқалағаны несі?», – деп кейіп жатады. Бірақ оған Бәпи әжеміз шамданбайды. «Жүгірмек, жылап жабысып алады ғой бұл өзі», – деп қоя салады.



Қазақ қоғамында әженің орны бөлек қой. Халқымыздың бүгінгі күнге аман жетуінің өзі сол ақ қимеңшекті әжелердің арқасы. Содан да әже ұғымы халқымыз үшін қадірлі, қастерлі. Абайдың күндіз арқасына салып, түнде қойына алып ертегімен өсірген Зере әжеміздің өзі-ақ бұл сөзімізге дәлел-дүр.

Айтпақшы, әлгі әжесінің арқасынан түспейтін Қуаныш құрдасымыз ара-тұра көріп тұрамын. Елорданың тұрғыны. Білдей шенәулік. Бірнеше жоғары басшылық қызметтерде болды. Қазір де осал емес, бір мекеменің басшысы. Бірақ біліммен, еңбегімен жетіліп келе жатыр. Әжесінің арқасында жүріп алған өнегесі ғой. Балалы-шағалы. Немере күтіп жүрген жайы бар. Кездесе қалғанда өзінің жеті жасқа келгенше жерде жүрмей, әжесінің арқасында жүргенін есіне саламын әзілдеп. Сонда Қуаныш алдымен кеңкілдеп рахаттанға бір күліп алады. Содан соң әп-сөтте жанары мұңға толады. «Е, ол бір есерлеу, еркелеу кезім ғой. Ай, жарықтық, әжем-ай! Өзі сүйегін сүйретіп жүрсе де арқасына салып алатын еді ғой. Аһылап-үйілеп үйге ерең жетеді сосын. Сол кезде маған әжемнің арқасы патшаның тағындай жайлы, жұмсақ әрі биік тау сияқты болатын. Айналамын бәрі көрінетін. Өзге балалардың төбесінен қарап жүретінмін», – деп бірауық үнсіз қалады. Мен оны сөйлетсе түсіміп келіп: «Ай, ку нәме, сен сол кезде-ақ бәріңіз төбесінен қарап қоқиланып, басшылық мансапты аңсаған екенсің ғой, ә?», – деймін әдейі. «Әй, жоға! Ерекелік қой сол. Атамды көргенім жоқ, мен тұмай тұрып «түіе іздеп кеткен». Әжем жарықтық мені көп айналып-толғанғанын еді. Білесің ғой оны өзін. Үйде де, түзде де. «Осы қарғам адам болады, осы қарғам үлкен азамат болады. Тпә!» деп отыратын. Ақ қимеңшекті әулімнің сол тілегі шығар мені осындай жағдайға жеткізген. Шүкір!

Мен қызмет бабымен де, арнайы саяхаттап та әлемнің көп елдерінде болдым. Шет мемлекеттерге әр сапарым барысында ұшаққа отырамын ғой, сонда әжем ойыма түседі. Жалпы мен таудың басы немесе зәулім ғимараттардың ең жоғары қабатына шыққанда бірден бала күнім ойыма оралады. Бірақ солардың бәрі әжемнің арқасындай биік, әжемнің арқасындай жайлы емес екеніне көзім жетті. Әжемнің арқасында отырғандай әсер алған емесің. Ұшаққа мінсем, жерге қонғанша, тауға шықсам, төменге түскенше асығамын. Ай, мен саған бір қызық айтайын. Өзің білесің, мен бірнеше жауапты үлкен қызметтер атқардым. Әлі де басшылықтамын ғой. Енді мына қызыққа қарасаңшы. Мен жаңа жұмысқа ауысып, қызметім көтерілгеннен бірер күн бұрын түсіме әжем кіріп, мені арқасына салып алады. Әжем маған баяғыдан да биік болып кеткен сияқты көрінеді. Тіпті көлде ақ қимеңшегінің ұшы ақша булғтарға тиеді. Мен жерге қарасам басым айналады. Сөйтіп жатып оянып кетемін. Содан көп өтпей-ақ ойламаған жерден қызметім ауысып, лауазымым көтеріледі. Әне, сен жеті жасқа келгенше әженің арқасына міндің деп күліп отырсың. Ал өкем мені қырықтан асқанша әлі арқалап келе жатыр», – деп Қуаныш сөзінің басын күліп бастағанымен, соңын мұңайып аяқтайды. Иә, әжесінің арқасында өскен ұрпақтың да алды бұл күні қырықты орталап қалды.

Қай күні орталық алаңдағы орындықта үш-төрт әженің отырғанын көрдім. Күнделікті кешкі серуендері болса керек. Араларындағы әңгіме қызып жатыр, шамасы, әлгі әжелеріміздің бірі қасында қоларбада жатқан сия-жеті айлық немересінің бар екенін де ұмытып кеткен сияқты. Ешкім көңіл бөлмей, арбасы қимылсыз қалған бөбек шырқырап жылап жатыр. Ал әжесі селт етпейді...

Қуат АХЕТОВ

## Асыл бейнең өшпейді, Жүректен мәңгі кетпейді

Кеше ғана арамызда жүрген бірімізге бала, бірімізге бауыр, ардақты әке, асыл жар, адал дос Ерлан Есболатовтың бұл жарық дүниемен кенеттен қоштасып кеткеніне де бір жыл өтті. Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сірә. 2021 жылдың 21 тамызында Есболатовтар отбасы ардақты һәм асыл ұлынан, тірегінен айырылды. Содан бері өкініш өзегімді өртеп, Ерланымыз менің сағынышымызға айналды. Енді ардақты азамат жақында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай емес. Оның қаншама арман-мақсаттары бар еді. Екі қулыңшағы да әке деген ұғымды, асыл адамынан айырылды. Сенсіз өткен әрбір күн сағынышқа толы. Алайда тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ. Артыңда ардақты анаң, бауырларың, бала-шағаң бар. Өзіңді сағынышпен еске алып, әрдайым рухыңа құран бағыштаймыз. Сен біздің жадымызда мәңгі сақталасың. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Жырақ кетсе, сағынбайды кім ұлың, Қысқа болды, амал бар ма, ғұмырың. Жұмақ болып, мәңгі мекен өзіңе. Жатқан жерің жайлы болсын, құлыным. 2022 жылы 21 тамызда сағат 11.00-де А.Ізтілеуова көшесі №78 үйде Ерлан Есболатовтың жылдық асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекежат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар анасы, бауырлары, жұбайы және балалары



## Киелі өңірдің тарихы тереңде

Ғасырға жуық тарихы бар Жалағаш жерінде талай киелі орындар бар. Олардың зерттелгені бір бөлек, зерттеуді қажет ететінді де қаншама?! Тарих қойнауына байласақ, көнеден жеткен киелі кесенелерге, тарихи орындарға, қалашықтарға кезігіміз, туған өлкеңің әр бөлігі тұнған тарих екеніне тағы бір көз жеткіземіз. Осындай тарихи мұралардың қатарындағы өткеннен күні бүгінге дейін сырын сақтаған Буланды II кесенесін айтуға болады.

Буланды II кесенесі Аққыр ауылының оңтүстік-батысында шамамен 60 шақырымда Қармақты ауданмен

шекаралас аймақта орналасқан. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жетекшісі, профес-

сор С.П.Толстов 1960 жылы ескерткішті алғаш зерттеген екен. Табылған материалдардың негізінде, Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының археологтары орталық үлкен бөлменің жан-жағындағы бөлмелердің ең кем дегенде жартысында қабірлердің болғанын анықтады. Археологтар орталық бөлменің ішінен қабірлердің орнын таба алмаған, сондықтан бұл жер сақ тайпасының абыздары түрлі діни жоралғылар мен әдеп-ғұрыптар атқаратын немесе ғибадат етуге арналған орын болуы мүмкін деген болжам жасаған.

Аталған кесене құрылысының жалпы пішіні дөңгелек шеңбер нысанында. Оның жалпы диаметрі – 16 метр, сақталған қабырғаларының биіктігі 4,5 метрге жуық. Іргесі пахсадан, жоғарғы жағы шікі кірпіштен қаланған. Сыртқы қабырғалары үшбұрышты күрекше іспеттес. Ғимараттың ішінде диаметрі 5,5 метр цилиндрге ұқсас төбесі күмбездене етіп жабылған ортаңғы бөлме бар. Оның сыртында айнала көлемдері әрқелкі болып келген 7 бөлме орналасқан. Бөлмелердің көлемі еңсегі әрі кең, төбелері жабық. Олар радиальды қуыс-қабырғалармен бөлінген және бір-бірімен тек айналма дөліздер арқылы байланысады.

Орталық бөлменің кіреберіс есігіне қарама-қарсы қаланған бүтін бір қабырға ғимарат бөлмелерін екі бірдей бөлікке бөліп тұр. Ғимараттың сыртқы қабырғасы ішкі орталық бөлменің қабырғасынан 2,3 метрдей алшақ орналасқан. Кіреберіс есіктен кейінгі бір кең бөлме вестибюльдің ролін атқарған. Оның төрт қабырғасында арка тәрізді етіп иіп жасалған есіктері бар.

Дайындаған Ж.ЖАЗКЕН





# Музей — өлкенің тарихы, халықтың қазынасы



Ұлттық мәдениетімізді, ата-бабадан қалған бай мұрамыздың, құнды жәдігерлеріміздің тарихынан сыр шертетін дүниелердің басым бөлігі аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалында сақтаулы тұр. Ондағы әрбір жәдігердің тарихы, қолданылуына қарай ерекшелігі және маңыздылығы болады. Естігеніміз болмаса, көзбен көріп, қолмен ұстаған жәдігерлер, тарихи жазбаларымыз аз. Музей қорындағы дүниелердің барлығы біздің заманымызға дейінгі қанша дәуірден жеткен тұрмыстық заттар сол заманғы адамдардың жағдайынан хабар береді. «Мың рет естігенше, бір рет көр» демекші, біз аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалында болып, әрбір экспонаттың тарихымен таныстық.

## Кинотеатрдан музейге дейін

Гимараттағы көне тарих көздерімен таныспас бұрын музей қызметкері Қанат Жапақовтан аудандық музейдің қашан, қалай құрылғаны туралы сұрадық. Оның айтуынша, алғаш рет музейді ашу жұмыстары 1988 жылы қолға алынған екен. Сол кезеңде З.Салықбаев, М.Лиясов, М.Аяпов, Ж.Сарбалаев, А.Тілеулиев сынды ауданның бірқатар зиялы қауым өкілі музейдің қажеттігін жөнінде жергілікті «Жаңадария» газетінің беттерінде бірнеше мәрте мәселе көтеріп, бастаманың қолға алынуына мұрындық болған екен. Бірақ белгілі бір себептерге байланысты аяқсыз қалыпты. Содан кейін 1998 жылдың аяғында бұл бастама қайта жанданып, кент орталығындағы бұрынғы Абай атындағы кинотеатрдың ғимараты музейге берілген.

Осылайша ауданның 60 жылдық мерейтойы қарсаңында жәдігерлерімізді жинақтау жұмыстары басталды. Музейдің алғашқы ди-



ректоры, өлкетанушы, қарымды қаламгер, білікті журналист Ахмет Тілеулиевтің музей қорының толығына сіңірген еңбегі зор. Замандастары әрі әріптестері ол кісіні еске алғанда, мінезінің жайлылығына, қызметіне деген адалдығына қайран қалатын. Ол кісі мінезі түйік, өте еңбекқор болған. Бұқарбай батыр Естекбайұлының 180 жылдығы қарсаңында Орынборға барып, батыр туралы тың деректер жинақтап қайтқаны және «Бұқарбай батыр» кітабының шығуына да зор үлес қосқанын айта кетіміз керек. Сонымен бірге Жалағаш ауданы шежіресі туралы шыққан кітаптарды құрастырып, басшылық жасаған. Өзі басшылық жасаған тұста музейге тарихи экспонаттар жинап, жабдықтап көп еңбек сіңірген. Аудан тарихы, батырлары мен билері, еңбек адамдары жайлы бірнеше кітабы жарық көрді. Солардың ішінде ата-бабамыздың даңқын асқақтатып, тұтас бір дәуірдің тарихын қамтыған «Қарақұм көтерілісі» кітабы жоғары бағаланды. 1999-2009 жылдары аралығында музейде аудан көлемінің қанша жылдан бергі географиялық тарихынан бастап, ауданымыздың қазір заманы тарихы, мәдениеті мен өнерінен сыр шертетін екі зал мен көркемсурет галереясы жұмыс жасай бастады. Хронологиялық ретпен орналасқан экспозициялық экспонаттар ауданның құрылуы, тарихы, ауыл шаруашылығы мен мәдениеті жайлы сыр шертеді. Ал қазіргі таңда аудандық музейге Құлымбай Галымжан басшылық жасайды.



— Қазіргі таңда аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалында 11 адам қызмет жасайды. Қызметкерлер ауданның сан ғасырлық тарихын зерттеп, зерделеу, аудан көлеміндегі тарихи-мәдени мұраларды жинақтап, музей қорын құнды экспонаттармен толықтыруда аянбай еңбек етіп келеді. Жас ұрпақты отанышылдық рухта тәрбиелеу бағытында өз жұмыстарын ұйымдастырып келеді. Бұл бағытта аудан көлемінде орналасқан ежелгі және ортағасырлық тарихын еске алғандары бірқатар мәдени ескерткіштерімен таныстыру, әр жылдары ауданда өмір сүрген тарихи тұлғалардың өмірі мен ерлік жолдарын үлгі ету мақсатында экскурсия ұйымдастырылып тұрады. Көріп тұрғаныңыздай музейдің әрбір бөлімінде әр кезеңдегі өлеулі оқиғалардан сыр шертетін тарихи жәдігерлер қойылған. Музей қорынан археологиялық және тарихи-мәдени ескерткіштерін, палеоген дәуіріндегі өңірдің географиялық тарихын, жергілікті тайпалардың орыс үкіметінің экспансиясы мен қоқан және жиуа басқыншыларына қарсы күрес кезіндегі жәдігерлерді, Орынбор-Ташкент теміржолының құрылысын, күштеп көмеспекелеу мен ұжым-

дастыру науқаны, соғыстан кейінгі кезең, тәуелсіздік жылдарынан сыр шертетін тарихи жәдігерлерді көре аласыз, — дейді филиал меңгерушісі.

## Жәдігерлердің тарихы тереңде

Азын-аулақ сұхбаттан соң ғимараттың ішіне еніп, ондағы археологиялық қазбалармен, этнографиялық, тұрмыстық заттармен және көркемсурет галереясымен, көне жәдігерлер мен экспонаттарды жеке-жеке көріп, таныстық. Кіреберісте көрме залы бар, онда Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Б.Тұрабаев пен жергілікті суретшілер К.С.Баталов, Ж.Қорғанбаевтардың бейнелеу өнерінің абстракті, реалистік, соцреалистік және сюрреалистік жанрларында жазылған туындылары көрініс тапқан. Екінші бөлімінде Палеоген дәуіріндегі өңірдің геологиялық тарихы сыр шертеді. Мезозой дәуірінің ортасында жер қыртысының тектоникалық тербелмелі қозғалыстарының нәтижесінде шатынап жарылуы салдарынан қазіргі Қарақұм шөліндегі Егізқара, Бөріойнақ, Жырық, Аққорған-Бөліт қыраттары пайда болған. Аталған экспозицияда көрініс тапқан түрлі жер қыртыстарының фрагменттері мен фотосуреттер көрермендерге XIX-XX ғасырларда аудан өңірін геологиялық зерттеу тарихы мен ауданымыздың түрлі ландшафтары, өзен-көлдері, тау қыраттары жайлы мәлімет береді.

Берімізге белгілі біздің өңірдің жерінің басым көпшілігі жазық даладан құралған. Жазық бетінің әр жерінде жатаған жусан өскен шаял күм төбелері кездеседі. Климаты континенттік, жазы ыстық, құрақ әрі ұзақ, қысы қарсыз қысқа, бірақ суық болатыны белгілі. Музейдің осы бөлі-



гінде ауданымызда Қызыл кітапқа енгізілген түрлі құстар, бауырымен жорғалаушылар мен кеміргіштердің мүлжәддары мен сирек кездесетін өсімдіктерден жасалған гербарийлер мен ағаштардың кесілген діңгектері қойылған екен.

Археологиялық және тарихи-мәдени ескерткіштерге арналған бұрыштан ежелгі сақ және қаңлы дәуірінің бірегей археологиялық ескерткіштері Түгіскөң, Ойғарақ обалары, Баланды I қалашығы мен Баланды II құмбезді кесенесі, Домалақ асар, Моншақты асар, ортағасырлық Жөңд және Құмқала I қалашықтарының қорындарынан және аудан көлемінен табылған тас, қола дәуірлерінің жәдігерлері керамикалық ыдыстар, шыңылтырлы қаптама, темірден жасалғал жебенің ұштары мен мыс ақшалар секілді сақ, қаңлы және қыпшақ тайпаларының салт-тұрмыстық бұйымдары мен қару-жарақ түрлері орын алыпты. Ал этнография бөлімінде қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын көрсететін әртүрлі қолөнер, аңшылық және еңбек құралдары, зергерлік-өшекейлік бұйымдар, үй ішіндегі құрал-жабдықтары мен жиһаздары, қазақтың ежелгі қызметі өз алдына. Шашбаудың негізгі қызметі қыз-келіншектердің бұрымын жинап тұра болса, екінші жағынан қыз баланың бойын тік ұстауына және жүрісін дұрыстауына көмекті тиген. Яғни шашбаудың сыңғырына-ақ кімнің теліс жатқаны белгілі болған.


Білезіктің де топсалы, өрнекті және құйма білезіктер деген секілді түрлері болған. Бұл өйелдер күнделікті тағып жүретін, қымбат бағалы металдан немесе күмістен жасалатын өшекей тұр. Сонымен бірге білезік бұын ауруларының алдын алады, қолдың тазалығын күшейтеді, жын-перілерді қуады деген ұғым халық арасында кеңінен таралған екен. Ең маңыздысы білезік адам бойындағы күш-қуатты сақтайды. Қазақта бөле-жала өйелдің құлағы, шашы арқылы кірсе, күш-қуаты біртіндеп алақан арқылы сыртқа шығады деген сенім қалыптасқан. Сондықтан әйелер соңғы күш-қуатынан айырылудан қорқып, білезікті қолынан тастамайтын болған.

Жалағаш жерінде өсетін ағаштар мен өсімдіктер де музей қорын толықтырып, өлкенің табиғатынан сыр шертін тұрады. Басым көпшілігі жазық далалық жерден тұратын өңірде көбіне шөлге шыдамды өсімдіктер өседі. Тасқа айналған ағаштар мен сүйектер бұл сезімді дәлелдей түседі. Табиғаттың құдіретіне таңқалмасқа шара жоқ, себебі ағаштың тасқа айналуы үшін екі миллион жыл қажет екен. Бұл — зерттелген ақпарат, нақты тұжырым.

Таланбас ою-өрнектері қазақ даласында белгілі шеберлердің көп болғанының айғағы. Кезінде ата-бабаларымыз тұтынған ыдыс-аяқтың барлығы ағаштан жасалғанын біреміз білеміз. Ағаштан, теріден, мыстан жасалған ыдыстарды көргенде қазақтың өдемілікпен қатар тұтынған тұрмыстық заттардың әмбебап болуын да басты назарда ұстағанын аңғардық. Өйткені аталған өнімдерден жасалған ыдыс көшіп-қонуға ыңғайлы, жеңіл әрі сынбайды. Әр ыдыс ұлттық ою-өрнекпен бедерленген. Осы қатардан шешен халқының жез құмырасы, самауры, біздің дәуірімізге дейінгі XIII-XV ғасырлардағы Қарақұмнан табылған қыш құмыра, тағы басқа да тұрмыстық заттар көзге шалынады.

## Өшекейдің де сыры бар

Біздің ерекше назарымызды аударған зергерлік бұйымдар болды. Өйткені өшекейлердің әрқайсысының шығу тарихы, қолданылуы және маңыздылығы бір бөлек. Зергерлік бұйымдардың да айтар сыры бар. Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамып келеді. Адам баласы ежелден өшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Өшекейлер өйел адамның сол қоғамдағы алатын орнынан, абырой-беделінен хабар беретін болған. Мәселен, қазақ қырым бойынша қызыл көзді жүзіктер сырттан келген қауіпті өз бойына сіңіріп, тіл-көзден, бөле-жаладан сақтаған. Өшекейлердің бәрі таза күмістен әзірленген. Тіпті байырғы қазақтар қолында күміс сақинасы жоқ өйелдер дайындаған астан дәм татпаған екен. Себебі, күміс жүзік тағам құрамындағы адам ағзасына қауіпті заттарды жойып отырады деп ұққан. Жас жұбайлар көне жүзігін де арнайы тапсырыспен жасатқан екен. Бұл жүзіктің төбесі жастардың бөлек отау құрып, шаңырақ көтергендерін білдіретін шаңырақ тәріздес болған. Жүзіктердің ішіндегі көпке тағыла бермейтіні құдайы жүзік болыпты. Тұрмысқа шыққан қыздарының жағдайы жақсы, барған жерінде бақытты болып, ата-анасына қайыңжұрты жайында мақтаулы сөз, жақсы мінездеме берсе ғана қыздың төркіні құдағиының қолына осы жүзікті салатын болған. Жүзіктің үлкендігі сондай адамның төрт саусағын жауып тұрады екен. Бұл да екі жақтың, екі елдің арасындағы сыйластықтың белгісі іспеттес. Бойжеткендердің бойтұмарына



қатысты да біз біле бермейтін тұстарымыз бар екен. Бойтұмардың ішіне Құраннан сүрелер, дұға, аят немесе қастерлі кітаптардан сөздер жазылған. Ал өшекейлердің ішіндегі қыз баланы ибалылыққа тәрбиелейтін шолпы, шашбаудың қызметі өз алдына. Шашбаудың негізгі қызметі қыз-келіншектердің бұрымын жинап тұра болса, екінші жағынан қыз баланың бойын тік ұстауына және жүрісін дұрыстауына көмекті тиген. Яғни шашбаудың сыңғырына-ақ кімнің теліс жатқаны белгілі болған.

Білезіктің де топсалы, өрнекті және құйма білезіктер деген секілді түрлері болған. Бұл өйелдер күнделікті тағып жүретін, қымбат бағалы металдан немесе күмістен жасалатын өшекей тұр. Сонымен бірге білезік бұын ауруларының алдын алады, қолдың тазалығын күшейтеді, жын-перілерді қуады деген ұғым халық арасында кеңінен таралған екен. Ең маңыздысы білезік адам бойындағы күш-қуатты сақтайды. Қазақта бөле-жала өйелдің құлағы, шашы арқылы кірсе, күш-қуаты біртіндеп алақан арқылы сыртқа шығады деген сенім қалыптасқан. Сондықтан әйелер соңғы күш-қуатынан айырылудан қорқып, білезікті қолынан тастамайтын болған.

Жалағаш жерінде өсетін ағаштар мен өсімдіктер де музей қорын толықтырып, өлкенің табиғатынан сыр шертін тұрады. Басым көпшілігі жазық далалық жерден тұратын өңірде көбіне шөлге шыдамды өсімдіктер өседі. Тасқа айналған ағаштар мен сүйектер бұл сезімді дәлелдей түседі. Табиғаттың құдіретіне таңқалмасқа шара жоқ, себебі ағаштың тасқа айналуы үшін екі миллион жыл қажет екен. Бұл — зерттелген ақпарат, нақты тұжырым.

## Тарих толқынында

Музейдегі саяхатымыз мұнан әрі жалғасып, көзек қазақ хандығына арналған бұрышқа келді. Музей қызметкері Марат Шөмекей осы бөлімде қазақ хандығының құрылуынан бастап, осы күнге дейінгі жәдігерлер хронологиялық реттілікпен



орналасқанын атап өтті. Қазақ батырларынан кейін орыс офицерлерінің бұйымдары, одан әріде аудандағы көне мешіттерден табылған діни кітаптар, жазбалар, жиырмасыншы ғасырларда қолданылған шиті, білгілі мылтықтар ілүлі тұр. Мәселен, жаңағы мылтықтардың ішінде жиырмасыншы ғасырларда есімі елге аян Әли деген кісінің қосауында қаруы бар. Бұл кісі сонау ашаршылық кезінде бүтіндей бір ауылдың халқын осы мылтықпен аң аулап асыраған екен. Бір таңқаларлығы, сол кездегі қарулардың барлығы қазіргіге қарағанда үлкен әрі ауыр жасалыпты. Музейдің негізгі залында Қарақұм көтерілісі, ауданның құрылуына арналған бұрыштар және әр кезеңдегі әр ұлттың валюта түрлері мен өгіз соқа, жер жыртатын омаш, Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгерлердің хаттарымен, еңбек адамдарының өмірдеректерімен таныстық.

Ал музейдегі қор сақтаушы Тілеухан Қозыбағаров тұрмыстық бұйымдардың ішіндегі көрікті де алатын орны ерекше екенін жеткізді. Көркі — ұста, зергерлердің түрлі металдарды балқытып, қыздырып, өңдеу үшін қолданатын оттыққа жол үрлеп тұратын құралы. Оның «қос көрік», «жол көрік», «мес көрік», «аяқ көрік» деген түрлері бар. Көлемі нәуғұлым үлкен болса, оның көмейінен оттыққа берілетін ауаның қысымы да соғұрлым жоғары болады екен. Мұны ұстала кезінде таза былғарыдан жасаған. Музей ғимаратының төріннен орын алған қазақ халқының бағалы киімі келушілердің назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Қасқыр ішік, бағалы бас киім, былғары етік қызығушылығыңызды оятады. Мұндағы ерлердің бас киімі тымақ — қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, оған аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Бұрынғы кезде қазақтар шала туған баланы неше күні кем болса, сонша күн тымаққа салып, кереге басына іліп қоятын болған. Өйткені тымақтың ішіндегі температура ананың құрсағындағы қызумен бірдей болады екен. Тымаққа салынған бала да анасының құрсағында жатқандай күйде жатады екен. Ішіктің салмағы ауыр, бірақ адамға пайдасы зор. Қасқыр ішіктің Тәуке ханның «Жеті жарғысында» айтылғанын бірі білсе, бірі білмес. Төукенің тұсында қатты аязда далада қалған екі жігіттің бірі ғана аман-есен елге оралыпты. Жолдасының аяздан үсіп өлгенін айтқан жігітке ешкім сенбеген екен. Сонда ақсақалдар «Жігітті аяздан аман алып қалған үстіндегі қасқыр ішік. «Жеті жарғыда»: «Бір қасқыр ішік екі адамды аман алып қалады» деп жазылған. Сен жолдасыңа ішігіңді бөліспейді, кінеісің», деп қайтқан жігіттің құнын төлеткен екен. Расында, қасқыр ішік тығыз әрі қалың болады. Одан үсіркі аяздың өзі өтпейді. Мұның себебі қасқырдың терісі мен етінің арасында май болады екен. Осы май оның денесін қыздырып тұрады. Тіпті қасқырдың терісін бірнеше мәрте илеп, суға салса да оның өзіндік иіс сақталып тұра береді. Сондай-ақ қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға

киюге болмайды.

Айта кету керек, ауыл шаруашылығын көрнекті ұйымдастырушы, қоғам қайраткері Мәріп Шәмәновтің ұрпақтары өкелерінің тірісінде тұтынған барлық заттары да музей қорынан орын алған. Бұл жәдігерлер де музейге келушілердің көзіне бірден шалынатын құнды дүниелердің қатарында. Негізгі залдың төріннен тәуелсіз Қазақстан экспозициясы, рухани жаңғыру, музыка, медицина және «Алтын-арай» халықтық ән-би ансамблінің естеліктерін, саз аспаптарын көруге де болады.

Тағы бір айта кететін, Бұқарбай батыр ауылында орналасқан қазақ даласында батырлығымен танылған Бұқарбай батыр атындағы музейді де көптеген тарихи жәдігерлер қойылған мәдени мұра мұрағаты деуге болады. Батыр атындағы музей 1994 жылы сол кездегі Калинин атындағы советтер директоры Қ.Баймахановтың мұрындық болуымен ашылып, Бұқарбай батырдың 200 жылдық мерейтойы қарсаңында музей ғимараты жаңадан тұрғызылған. Музей экспозициясында Бұқарбай батырдың өмірі мен жорық жолдарынан сыр шертетін батырдың өзі пайдаланған қайық қылышы, шашақты туы, күмістен соғылған мөрі, Орынбор, Ташкент, Алматы қалаларындағы мұрағаттардан алынған құжаттардың көшірмелері, қару-жарақтар коллекциясы сынды тағы басқа да құнды жәдігерлер көрініс тапқан. Сонымен бірге мұнда сонау XX ғасырдың 20-30 жылдары құрылған ауылдың Кеңес үкіметі мен нәубет жылдарынан бастап қазіргі заманға дейінгі тарихы жайлы мәліметтер беретін құнды материалдар қамтылған.

Жалпы аудандық тарихи-өлкетану музейіндегі экскурсия барысында археологиялық және тарихи ескерткіштер қалдықтарының, сонау ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы жоңғар және қалмақ басқыншыларына қарсы күрес кезіндегі қазақ батырлары мен сарбаздар қаруларының, XIX ғасырдың орта шеніндегі жергілікті тайпалардың орыс үкіметінің экспансиясы мен Қоқан және Хиуа басқыншыларына қарсы күресі, өңірді өскери колонизациялау, 1901-1906 жылдардағы Орынбор-Ташкент теміржолының құрылысымен, өңірде Кеңес үкіметінің орнауы мен азамат соғысы кезіндегі күштеп көмеспекелеу мен ұжымдастыру науқанындағы, Қарақұм көтерілісі мен саяси қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі кезең тағы басқа да тарихи кезеңдердегі қару-жарақтар, деректер мен жазбалардың кім өткізгенінен немесе қай жерде, қай уақытта табылғанынан мағлұмат алдық. Музей қызметкерлері еліміздің тарихи-мәдени мұрасын көпшілікке танытуды қамтамасыз ету мақсатында еңбек етуде. Қарап отырсаңыз, әр жәдігердің өткеннен сыр шертетін өзіндік тарихы бар.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қызметінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Коллажбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1356

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ